


Педкеңес отырысында қаралды
№1 хаттама
«25» тамыз 2022 жыл

Келісілген
Әдіскер: 
Саркей Э.А.
«1» қыркүйек 2022 ж.

Бекітемін
КММ «Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы»
Директоры:

Аймағзібүтова Э.М.
«1» қыркүйек 2022 ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған музыка сабағында ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Білім беру ұйымы: «Облыстық арнайы мектеп-балабақша»
Топ: «Құлыншак» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Музыка жетекшісі: Муканова Т.И.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

КММ «Облыстық арнайы мектеп-балабақша»

№4 «Құлыншақ» мектепалды тобы

Кезең: қыркүйек- мамыр 2022-2023оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Қыркүйек	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сипатындағы өзгерістерге қимылдарды жасауға үйрету.</p> <p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді ойнауды үйрету.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Қазан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жасауға үйрету.</p> <p>Билер: Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды үйрету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әуендерді жеке орындауға үйрету. арқылы бере білу.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Қараша	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдық жаттығуларды орындауға ажырату (марш, жеңіл, жүрелеп отыру)</p> <p>Билер: Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Шағын топпен таныс әуендерді орындауға үйрету</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Желтоқсан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Марш сипатын музыка ырғағы арқылы анық ырғақты жүруді үйрету.</p> <p>Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Қаңтар	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту. Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру арқылы бере білу.</p> <p>Билер: Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық дауылпаз, асатаяқ аспаптарында ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Ақпан	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Музыкалық сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасау меңгерту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Сыбызғы, домбыра аспаптарында ойнау тәсілдерімен таныстыру</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Наурыз	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: Балаларға «Қаражорға» биінін бірінші бөліміндегі қимылдарын билету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Қоңырау, металлофон, ксилофон, шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Сәуір	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: Балаларға «Қаражорға» биінін бірінші бөліміндегі қимылдарын билету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Қоңырау, металлофон, ксилофон, шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері:
Мамыр	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p>Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатына сәйкес қимылдардың өзгеруін меңгерту. Билер:</p> <p>Билер: Балаларға «Қаражорға» биінін екінші бөліміндегі қимылдарын билету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Бубен, барабан, маракас, румба сияқты шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>